

# **Шағын және орта бизнестегі тәуекелдер**

**Орындаған: Бокаева М., Зиядинова Ә.  
Тексерген: Шарапиева М.Д**

# Шағын және орта бизнес түсінігі

Қазақстанда шағын және орта бизнесті дамытуға байланысты шаралар Елбасы Н.Назарбаевтың 1997 жылы 6-наурызда қабылдаған «Шағын және орта кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді жеделдету шаралары» деген қаулысынан басталды.

Шағын және орта кәсіпорындар, үнемі жаңарып тұратын номенклатурасымен және ассартиментімен, аз ғана партияда өнім дайындау, шектеулі тұтынушылар жағдайында елеусіз материалдар мен шикі затты қолдану қажет болған жағдайда пайда болады. Сонымен, шағын кәсіпорындар нарықтың салыстырмалы толған кезінде жекелеген тапсырыстарды есепке алып өнімді аяқтайды, яғни ұсақ – түйек өнімдер өндіріледі. Сонымен қатар, шағын кәсіпорындар қызметтің барлық саласында нолдік нәтиже алумен байланысты жоғары тәуекелге ие болып табылады. Бұл әрі инновациялық қызмет, әрі жаңа технологияны игеру. Өнімнің жаңа түрін игеру. Шағын кәсіпорындардың капиталымен тәуекел, іріге қарағанда қоғамға аз шығындар алып келеді, сондықтан мемлекет шағын кәсіпорындарды құру және дамыту үшін арнайы жеңілдіктер тәртібін тағайындау керек.

Сондай-ақ шағын бизнес сферасына өздерінің тәуелсіз меншігі бар, шаруашылық еркіндікке ие және өз қызметі сферасында үстемдік етпейтін фирмалар жатады. Көптеген шетелдік зерттеулер шағын кәсіпорындарға 500 адамнан аспайтын жұмысшылар бар және сату көлемі 20 млн доллардан аспайтын фирмаларды жатқызады. Бірақ бұл көрсеткіштер шартты болып табылады.

Қазақстанда шағын және орта бизнеске бірнеше инвесторлармен құрылатын, географиялық шектелген зоналарда қызмет ететін және нарықтың шектеулі үлесіне ие, басқаруды құрушылар жүзеге асыратын, барлық негізгі стратегиялық шешімдерді өздері қабылдайтын кәсіпорындар жатады. Басқару сипаты икемділігімен, формалділіктің жоқтығымен шешімін қабылдау барысында, өндіріс саласында, басқару саласында жұмысшылардың өз-ара алмасуының жоғарылығымен ерекшеленеді.



# ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекел кәсіпкерлік қызметпен айналысатын кез келген тұлғаның қаржылық не өндірістік стратегияны жүзеге асыру барысында шығынға ұшырау ықтималдығы. Тәуекел негізінен белгісіздік, қарама қайшылық, кездейсоқтық жағдайларда орын алады. Шағын және орта кәсіпкерліктегі тәуекелге сипаттама беру үшін « Ақсай нан өнімдері» комбинатын мысалға алсақ.

## “АҚСАЙ НАН ӨНІМДЕРІ КОМБИНАТЫ”

«Ақсай» нан өнімдерін өндіретін комбинатты – тағам өндірісінің қуатты отандық кәсіпорны. Комбинаттық жобасын «Казгипромицпром» институты орындап, 1987 жылы «Алма-Атыпромстрой» тресті құрылысын жүзеге асырған. Комбинаттың жобалық қуаттылығы тәулігіне 21 тонна тоқаш және 142 тонна нан өнімдерін шығаруға есептелген. «Ақсай» нан өнімдерін өндіретін комбинат – галерея, оранжереялы жаяу жолдары бар, бірнеше әкімшілік және өндіріс корпустарында орналасқан, қазіргі заман талабына сай өндіріс орны. Қойма және қоймалық жайлардың жүйесі комбинатқа төтенше жағдайларда автономды тәртіпте 10 тәулік жұмыс істеуіне толық мүмкіншілік береді.

# “АҚСАЙ нан өнімдері комбинатының” тәуекел түрлері

- ❖ Қаржылық тәуекел
- ❖ Техникалық-өндірістік тәуекел
- ❖ Ұйымдастырушылық тәуекел
- ❖ Коммерциялық тәуекел
- ❖ Транспорттық тәуекел
- ❖ Нарықтық тәуекел

# Қаржылық тәуекелдер:

- Қаржы ресурстарының жетіспеушілігі;
- Шикізаттарға деген шығындардың көбеюі;
- Тауар өндірісі мен бағасының арасындағы алшақтық;
- Инфляция деңгейінің, валюта бағамдарының өзгерісі;
- Қаржылық сметалардағы қателіктер;
- Қаржының дұрыс игерілмеуі және т.б



# Техникалық-өндірістік

## Тәуекел

«Аксай» ЖШС өндірістік бірлігінің негізгі құрылымы, ол өндірістік участок, мұнда технологиялық бітектер жұмыстар немесе бірдей, біртүрлі өндірістік учасоктар бар, міне осылардан цехтар пайда болады.

Негізгі өндірістік учасокте шикізатты немесе жартылай фабрикаттарды дайын өнімге айналдырудың өндірістік үрдістері жүзеге асырылады (ұннан-қамырға, қамырдан-пісірілген дайын нанға). Өндірістік үрдістің мазмұны кәсіпорынның және оның үрдістік бөлімшелерінің құрылуына тікелей әсер етеді.



Негізгі өндіріске нан цехтан, бараночный цехтан, кондитерлік цехтардан тұрады. Бұл цехтар (нан цехы) төмендегі құралдармен жабдықталады:

- Ш2-ХПА-25 пешімен;
- Ұзақ жаймалағыш Ш-33 ХД;
- Брожендейтін астауХТР;
- Ұнды себелеуші машинка Ш2-ХМВ;
- Қамыр илегіш машина А2ХТЗБ;
- Лопасты қамыр насосы;
- Герпачты дазор;
- Қамыр илегіш машина РВ -60;
- Езіп араластыратын машина МВ -35-5;
- Қант пен май ерітуші құрал;
- Қайнату котелі;
- Ұн себетін құрал П2П және т.б

Жоғарыда аталған технологиялардың біреуінің істен шығуы өз кезегінде кәсіпорын үшін үлкен шығын, сәйкесінше тәуекел

## ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Ұйымдастырушылық тәуекел кәсіпорын басқармасының қателігінен, ішкі бақылаудың мәселелерінен, ұйымдастырудағы қателіктерге тікелей байланысты. Мысалы: Алматы әкімі Ахметжан Есімовтың TODAY.KZ газетіне берген сұхбатында қаладағы нан-тоқаш өнімдерін өндіруші - «Ақсай» нан-тоқаш комбинаты» ЖШС-іне («Ақсай-нан» сауда маркасы) басшылығының жиі ауысуына байланысты сыртқы басқару енгізетінін айтып ескертті. «8 айдың ішінде үшінші бастық ауысты. Басшылықтың осылайша жиі ауысуы күмән тудырады. Бірақ бұл кәсіпорын стратегиялық маңызды қызмет атқаратындықтан, мен акционермен сөйлесіп көремін. Қажет болса, (сыртқы ) басқару енгіземіз. Ол жерде ( кәсіпорында ) тұрақтылық пен тұрақты саясаттың болғаны керек. акционерлеріңізге осылай деп жеткізіңіздер», - деді А. Есімов.

Осылайша басшылықтың да жиі ауысуы кәсіпорын үшін маңызды тәуекелдердің бірі болып табылады.

# Коммерциялық тәуекел

“АҚСАЙ нан өнімдері комбинатының ” коммерциялық тәуекелдері келесідей сипатталады:

- ❖ Тауарды сатумен байланысты;
- ❖ Тұтынушыларға қызмет көрсету барысындағы олқылықтар;
- ❖ Қызмет барысындағы қатерлер;
- ❖ Шығын көлемінің артуы;
- ❖ Таза пайданың аздығы;
- ❖ Пайда көлемінен шығынныңартып кетуі және т.б



# Транспорттық тәуекел

“АҚСАЙ нан өнімдері комбинатында ” транспорттардың алатын орны ерекше. Себебі осы көліктер арқылы шикізаттар мен дайын өнімдерді тасымалдау жүзеге асады. Сондықтан да кәсіпорын басшылығы транспортармен байланысты тәуекелдердің алдын алып, тәуекелдерді басқаруға үлкен мән берілуі керек. Транспорттармен байланысты тәуекел түрлері келесідей:

- Шикізат пен өнімдерді тасымалдау барысында транспорттардың жетіспеушілігі;
- Транспортқа қажетті жанармай бағасының өсіп кетуі;
- Шикізаттар мен дайын өнімдердің белгіленген орнына уақытылы жеткізілмеуі;
- Көліктердегі техникалық ақаулар және т.б

# Нарықтық тәуекел

Кәсіпорынның нарықтық тәуекелі келесідей сипатталады:

- ✓ Тауар мен өнімге деген сұраныстың өзгеруі;
- ✓ Экономикалық тұрақсыздық;
- ✓ Қаржылық жоғалтулар;
- ✓ Бәсекелес кәсіпорындардың нарықта орын алуы;
- ✓ Шикізаттарға деген бағалардың өзгерістері;
- ✓ Өнімге сұраныстың азаюы;
- ✓ Бағалардың өзгерісі;
- ✓ Шығын көлемінің артуы;
- ✓ Пайда мен шығын арасындағы көрсеткіштер және т.б

Жоғарыда аталған тәуекелдердің алдын алу және оларды басқару кез келген шағын және орта кәсіпкерлік үшін аса маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Сондықтан да тәуекелдердің шамалы да болсын алдын алу үшін кәсіпорын үнемі ізденіс үстінде, нарықтық ағымдағы жағдайымен хабардар болып отыруы аса маңызды болып табылады. Тәуекел деңгейін төмендету, орын алған мәселелерді уақытында шешу кәсіпорын дамуының кепілі болары анық.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <http://www.today.kz>
2. <http://aksaynan.kz/>
3. <http://www.damu.kz>
4. <http://do.gendocs.ru>